



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**
(Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй)

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
АКЦИОНЕРЛЕРІ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) 2022 жылғы 21 қазанда өткен акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен Банк акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы кезектен тыс жалпы жиналысында Банктің 2021 жылғы қызметі нәтижелері бойынша Банктің жай акциялары (ISIN KZ000A0LE0S4) бойынша дивидендтерді төлеу жөнінде қабылданған шешімі туралы хабарлайды:

бір жай акцияға есептелген дивиденд мөлшері: 12,71 теңге;
дивидендтерді төлеу басталатын күн: 2022 жылғы 27 қазан;
дивидендтерді төлеу тәртібі және нысаны:
дивидендтерді алуға құқылы акционерлердің тізімі жасалатын күн; 2022 жылғы 25 қазандағы күннің басындағы жағдай бойынша (Алматы қаласының уақыты бойынша 00 сағат 00 минут);

дивидендтерді төлеу нысаны – қолма-қол ақшасыз.

Банк акционерлеріне төленуі тиіс дивидендтер сомасы 138 644 160 658,92 теңгені құрайды.

Құрметті акционерлер, Банк акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде сіздің жаңартылған деректемелеріңіз туралы мәліметтер болмаған жағдайда, дивидендтерді алу үшін сізге:

1) «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-қа (бұдан әрі – Орталық депозитарий) тиісті құжаттарды ұсына отырып, Банк акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті (оның ішінде банк шотының деректемелері туралы) мәліметтердің өзгеруі туралы мынадай мекенжайлар бойынша:

Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8 үй, 163-тұрғын емес үй-жай (байланыс телефоны: 8 (727) 355 47 60, 262 08 46);

немесе «Қазпочта» АҚ офистерінде орналасқан трансфер-агент офистеріне; және (немесе)

2) олардың тізбесі мен мекенжайлары <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде), және <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде) және <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелері бойынша Банктің корпоративтік сайтында орналасқан Банктің Дербес сервис орталықтарына жүгіну қажет.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн өткенге дейін (**2023 жылғы 19 қаңтарға дейін**) Банк дивидендтерді акционерлер дивиденд төлеу үшін қажетті өз деректемелерін жаңартуына қарай төлейтінін қосымша хабарлаймыз.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 23-бабының талаптарына сәйкес Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтердің болмауына байланысты есептелген, бірақ төленбеген дивидендтерді Банк заңнамада белгіленген мерзімдерде талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін Орталық депозитарийде ашылған шотқа аударатын болады. Осылайша, тиесілі дивидендтер алынбаған

жағдайда, Банк акционерлері **2023 жылғы 26 қаңтардан кейін** Банктің жай акциялары бойынша есептелген дивидендтерді алу үшін Орталық депозитарийге жүгінуі қажет.

Олардың базалық активтері «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жай акциялары болып табылатын Жаһандық Депозитарлық Қолхаттардың (бұдан әрі – ЖДҚ) иеленушілері үшін арнайы ескерту:

ЖДҚ ұстаушыларына дивидендтер төлеу рәсімі туралы ақпаратты The Bank of New York Mellon-да, 240 Гринвич-стрит, 8-қабат, Нью-Йорк NY, 10286U.S.A. (бұдан әрі - Депозитарий) алуға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін ЖДҚ иеленушілері Депозитарийге хабарласа алады:

Татьяна Аксенова ханым, телефоны: +1 212 815 4158, электрондық поштасы: tatsiana.axenova@bnymellon.com

Мира Даскаль ханым, телефоны: +1 212 815 5021, электрондық поштасы: mira.daskal@bnymellon.com

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелері бойынша қосымша ақпарат алу үшін Банк акционерлері Топ капиталын басқару департаменті қызметкерлерінің байланыс телефондарына хабарласа алады: +7 727 330 12 07, +7 727 244 76 94, +7 727 259 03 04, +7 727 330 15 46, +7 727 259 05 99.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ